Бекітемін
Мектеп директоры: ______ Г.М.Жумагазина
«_28_»_08_ 2024ж

**«Сағыз орта білім беретін мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024-2025 оқу жылында оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша атқарылатын іс-шаралар ж о с п а р ы**

**Мақсаты**: Кәмелетке толмағандармен құқық бұзушылықтардың алдын- алу жұмыстары жүргізу үшін құқықтық негіздерді мектеп жағдайында қалыптастыру.

**Міндеті**: Кәмелетке толмағандардың заңға мойын ұсынушылық мінез құлқын қалыптастыру, олардың бойында имандылық пен салауатты өмір салтының негіздерін дамыту бағытындағы негізгі шараларды жүзеге асыру. Себепсіз сабақ босататын оқушыларды анықтау, есепке алу тиісті шараларды жүзеге асыру.

| № | Іс-шаралар атауы | Аяқталу нысаны | Орындау мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2024-2025 оқу жылында атқарылатын тәрбиелік іс-шаралардың жұмыс жоспарын құру және бекіту. | Мектеп директорының жанында отырыс | тамыз | ДТЖО<br>Қ.Р.Тайшыбай |
| 2 | «Құқық бұзушылықтың алдын алу» кеңес мүшелерін сайлау, бекіту | Мектеп директорының жанында отырыс.<br>Хаттамалар | қыркүйек | Мектеп директоры<br>Г.М.Жумагазина<br>ДТЖО<br>Қ.Р.Тайшыбай |
| 3 | 1.Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру.<br>«Оқушының құқықтары мен міндеттері» жиналыстар ұйымдастыру<br>2.«Менің құқықтарым мен міндеттерім» 5-11 сынып оқушылар арасында жиналыс ұйымдастыру | Түптеме, суреттер жасау.<br>Сайттарға мәліметтер енгізу. Анықтама | қыркүйек | ДТЖО<br>Қ.Р.Тайшыбай<br>АПБ-нің ЖПҚ ЮПТ инспекторы<br>5-11 сынып жетекшілері |
| 4 | «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу»<br>Оқушылардың панасыз қалуы мен құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында рейдтер жүргізу бойынша рейдтер ұйымдастыру | Рейдтер жүргізу<br>Анықтама | тоқсан сайын | ДТЖО<br>Қ.Р.Тайшыбай<br>Сынып жетекшілер |
| 5 | 1.Оқушылардың сабаққа қатысуын және үлгерімін бақылау<br>2.Себепсіз сабақтан қалдырған оқушылармен және ата-аналарымен жұмыс жүргізу. | Анықтама | Үнемі | ДТЖО<br>Қ.Р.Тайшыбай |
| 6 | «Кәмелетке толмағандар арасында Қол сұғылмаушылығын мінез-құлықтың алдын алу»<br>Оқушылардың анонимдік хаттары үшін жәшіктер орнату, оның тұрақты жұмыс істеуіне бақылау жасау. | Сенім жәшік | үнемі | ДТЖО<br>Қ.Р.Тайшыбай<br>психолог |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 | АІБ-нің ЖПБ ЮПТ бөлім қызметкерлерінің қатысуымен ата-ана, оқушылар арасында лекция, семинар, кеңестер беру. | Хаттама .Анықтама | Тоқсан сайын | ДТЖО<br>Қ.Р.Тайшыбай ІІБ ЖПБ ЮПТ инспекторлары |
| 8 | «Құқықтық тәрбиелеудегі отбасының рөлі» жиналыс | хаттама | Қазан | |
| 9 | «Зорлық- зомбылықсыз қатыгездіксіз, балалық шақ!» онкүндік акциясын ұйымдастыру | Түптеме, суретті анықтама, Эстафеталық акция ұйымдастыру. | қараша | ІІБ ЖПБ ЮПТ инспекторлары<br>ДТЖО<br>Қ.Р.Тайшыбай |
| 10 | «Құқықтық сауаттылық» квест ойыны 9-11 сынып оқушылар арасында сауалнамалар жүргізу. (Оқушылар арасында зорлық зомбылық пен құқық бұзушылықтың алдын алу) | Ойын<br>Профилактикалық жұмыс. | Ақпан | ДТЖО,<br>Қ.Р.Тайшыбай<br>мектеп психологы |
| 11 | «Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен қылмысты болдырмау және оның алдын алу тақырыбен құқық бұзушылықтың, бопсалау, алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту. | 7-11 сынып оқушылары арасында тақырыпқа сай жұмыстар ұйымдастыру | Ақпан | ДТЖО<br>Қ.Р.Тайшыбай<br>Сынып жетекшілер |
| 12 | «Құқық-әділет пен парасат жолы» Құқықтық тәрбие айлығын ұйымдастыру | Айлық іс-шара жоспарын құру.<br>Түптеме, суреттер, анықтамалар. Сайтқа жаднамалар жариялау | қазан | ДТЖО<br>Қ.Р.Тайшыбай<br>сынып жетекшілер |
| 13 | «Өзіңді қорға атты құқықтық бұрыштар ұйымдастыру»<br>5-10 сынып оқушылар арасында плакаттар, газеттер ұйымдастыру | Әлеуметтік желі сайттарға салу<br>Анықтама | сәуір | ДТЖО<br>Қ.Р.Тайшыбай |
| 14 | 1.Жыл бойындағы жұмыстың қорытындысы.<br>2.Оқушылардың жаз кезіндегі бос уақытын ұйымдастыру.<br>3.Жазғы демалыстағы қылмыстың алдын алу кеңес мүшелерінің жұмысы. | Қортынды мәлімет<br>Жазғы демалысты ұйымдастыру | Мамыр | ДТЖО<br>әлеуметтік педагог , психолог |

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Қ.Р.Тайшыбай**

**«БЕКІТЕМІН»**
Мектеп директоры
Г.М.Жумагазина
«20» 08 2024 ж.

**Сағыз орта мектебінің 2024-2025 оқу жылына арналған кәмелетке толмағандарға қатысты құқықбұзушылықтың алдын-алу Кеңесі отырысының жоспары**

| № | Отырыста қаралатын мәселелер | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | **№1 отырыс:**<br>1.2023-2024 оқу жылындағы алдын алу кеңесінің істелінген жұмыстарының есебі.<br>2.Құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.<br>3. Байғанин АПБ-нің полиция инспекторымен бірлескен жұмыс жоспары бекіту.<br>4. 2024-2025 оқу жылына арналған ЖБҚ және отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекіту.<br>5. Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту | Қыркүйек | Мектеп директоры директордың ТЖО, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы |
| 2 | **№2 отырыс:**<br>1.Құқықбұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен рейдтік іс-шаралар ұйымдастыру.<br>2.Темекі және алкаголь заттарының оқушылар арасында таралуына қарсы жұмыстар.<br>3.Үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы. | казан | әлеуметтік педагог психолог директордың ТЖО |
| 3 | **№3 отырыс**<br>1 Жасөспірімдер арасындағы ауытқушылық мінез-құлықтың шығу себептері мен факторларын алдын алу.<br>2.Оқушылар арасындағы бопсалауды анықтау мақсатындағы сауалнама қорытындысы<br>3.АПБ-нің қызметкерлерімен кездесу | Қараша | әлеуметтік педагог директордың ТЖО, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы |
| 4 | **№4 отырыс**<br>1. «Тәуекел тобындағы»оқушыларға,әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға,тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға деректер банкісін қалыптастыру және түзету.<br>2.5-11 сынып оқушыларының аутодиструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижесін талдау.<br>3.Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар,тұрмысы нашар отбасылар,баланы өгей әкесі,өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар қамқорлығында )рейдтік іс-шаралар жүргізу. | желтоксан | 5-11 –сыныптың сынып жетекшілері әлеуметтік педагог, психолог, директордың ТЖО сынып жетекшілер, мектеп инспекторы |
| 5 | **№5 отырыс**<br>1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық,кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері | қаңтар | әлеуметтік педагог педагог-психолог |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бойынша ата-аналармен,камкоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілетін профилактикалык әңгімелесу туралы есеп.<br>2. 10-11 сыныптардағы құқық бұзушылыктардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, ТТЖ тексеру және отбасылык қолайсыздыкты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат.<br>3. 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы алдын алу Кеңесінің қызметіне талдау. | | 10-11 сынып жетекшілері<br>әлеуметтік педагог<br>директордың ТІЖО<br>әлеуметтік педагог,<br>педагог-психолог,<br>сынып жетекшілер,<br>мектеп инспекторы |
| 6 | **№6 отырыс**<br>1. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы.<br>2. 9 сыныптардағы құқық бұзушылыктардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, ТТЖ тексеру және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат.<br>3. Балалармен профилактикалық жұмыстың бір түрі ретінде мектептегі татуласу қызметінің жағдайы туралы. | ақпан | 9-сыныптың сынып жетекшісі<br>-психолог<br>ДТІЖО<br>әлеуметтік педагог, |
| 7 | **№7 отырыс**<br>1. Кәмелетке толмағандар арсында суйицидтік жағдайдың,жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу.<br>2. «Қызғалдақ»қыздар ұйымының жұмысына талдау.<br>3. Мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша "Адал Ұрпақ" мектеп клубының қызметі туралы | наурыз | ДТІЖО<br>қыздар ұйымының жетекшісі<br>«Адал ұрпақ»клубының жетекшісі. |
| 8 | **№ 8 отырыс**<br>1. «Ата-аналарға жеке кеңес беру»бала тәрбиесіне селсоқ қарайтын ата-аналармен жұмыс<br>2. «Бала тәрбиесіндегі ата-аналардың рөлі»тақырыбындағы баяндама<br>3. «Мұрагер»ұлдар ұйымының жұмысына талдау. | сәуір | ДТІЖО<br>сынып жетекшілер,<br>мектеп инспекторы<br>ұлдар ұйымының жетекшісі |
| 9 | **№9 отырыс**<br>1. 2024-2025 оқу жылының 4 тоқсанына есепке алу санаттарына жататын (аз қамтылған, көп балалы, қолайсыз, аз қамтылған, мүгедектер, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар) баланың отбасындағы өзара қарым-қатынастарды анықтауды ескере отырып, рейдтік жұмыспен өтеулерді талдау.<br>2.Оқудың барлық түрлерінде тұратын оқушылармен жазғы демалысты және жұмыспен қамтуды ұйымдастыру туралы әңгімелесу.<br>3.Алдын алу Кеңесінің 2024-2025 оқу жылындағы қызметіне талдау. | Мамыр | әлеуметтік педагог<br>директордың ТІЖО<br>психолог, сынып жетекшілер,<br>мектеп инспекторы |

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Қ.Р.Тайшыбай

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**
**БАЙҒАНИН АУДАНЫ**
**«САҒЫЗ ОРТА МЕКТЕБІ»**
**КММ**
**БҰЙРЫҚ**

**АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ**
**БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОН**
**КГУ «САГИЗСКАЯ**
**СРЕДНЯЯ ШКОЛА»**
**ПРИКАЗ**

Актобе облысы, Байғанин ауданы,
Ноғайты ауылы,Жағалау көшесі №11
Тел/факс (871347)24-1-41
e-mail :sagiz-1979@mail.ru

Актюбинская область, Байганинский район,
село Ногайты, улицаЖагалау№11
тел/факс:(871347)24-1-41
e-mail:sagiz-1979@mail.ru

**№69**

**2024 жыл 05 қыркүйек** **Ноғайты ауылы**

**Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесін құру туралы**

2024-2025 оқу жылында жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықты болдырмау және алдын алу шараларын ұйымдастыру мақсатында

**Бұйырамын:**

1.Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесі төмендегі құрамда құрылсын:

Төрайымы:Г.М.Жумагазина мектеп директоры
Орынбасары:Қ.Р.Тайшыбай ТІЖО
Хатшы:А.К.Түйебай
Мүшелері:
Б.Ш.Дарбаева-әлеуметтік педагог
А.Ж.Құрман-дінтану пәні мұғалімі
Н.А.Ногай-кітапханашы
Г.С.Қилыбаева-тәлімгер
Ә.М.Қалдыбаева-мектеп медбикесі
М.Т.Әбишева-ата-ана
Д.Т.Ыбраймов-оқушы

2. 2024-2025 оқу жылына арналып құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспары құрылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық жасау өзіме қалдырамын

Мектеп директоры: Г.М.Жумагазина

# Хаттама №1.

"Сабыз орта мектебі" КММ

10 қыркүйек 2024 ж.

Қатысқандар:
Қатыспағандар:

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 2023-2024 оқу жылындағы алдын алу кеңесінің істелінген жұмыстарының есебі
2. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау, бекіту
3. Байтанин АПБ-нің полиция инспекторымен бірлескен жұмыс жоспарын бекіту.
4. 2024-2025 оқу жылына арналған ЖБҚ және отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекіту.
5. Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды.

2023-2024 оқу жылы бойынша құқықбұзушылық бойынша жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. Мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықты бұзу туралы жұмыстар жүргізілді. Оқу жылының басында мектеп директорының қолымен бекітілген бұйрық тағайындалды. Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің құрамы жасақталды. Әрбір тоқсан бойынша жоспардағы өткізілетін жұмыстар уақытында өткізіліп отырды. Биылғы оқу жылының жоспары бойынша өткізілетін жоспарлары жұмыстар нақтыланып, бекітілді. Байтанин ауданының полиция инспекторымен бірлескен жұмыс жоспары бекітілді. Оқу жылы бойы бірлесіп жұмыс жасалынады. Ауылдық учаскелік инспектормен тығыз байланыста отырамыз. Түнгі оқушылардың қозғалысын қадағалау мақсатында мектеп мұғалімдері мен ата-аналардың келісімен түнгі кезекшілік кестесі құрылды. Кезекшілік кезінде келеңсіз оқиғалар орын алған жоқ. Әлеуметтік педагогтің 2024-2025 оқу жылына арналған жоспары бекітілді. Мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды. Сонымен бірге мектепке ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар есепке алынып, тиісті құжаттар дайындалды.

Оқу жылы басында Мектепке жол акциясы бойынша әлеуметтік жағдайы төмен оқушылар анықталып, мектеп құралдарымен қамтамасыз етілді.
Жалпы мектептің оқушыларының әлеуметтік жағдайы үнемі қадағалануда отырады.

Шешімі:

1. 2024-2025 оқу жылының жоспары бекітіліп, талапқа сай жұмыстар жүргізілсін.
2. Мектептің әлеуметтік педагогының жұмысы есепке алынып, жұмысы қанағаттанарлық.

Жиналыс төрағасы: Жұмагұлова Г.М.
хатшы: Тұрсынбай К.

Хаттама №2.

"Сағыз орта мектебі" КММ.

22 қазан 2024 жыл

қатысқандар
қатыспағандар:

Күн тәртібіндегі мәселелер

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен рейдтік іс-шаралар ұйымдастыру.
2. Темекі және алкоголь заттарының оқушылар арасындағы таралуына қарсы жұмыстар
3. Үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы.

Тыңдалды.

1-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Тайшыбай құқықбұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен рейдтік іс-шараларды төмендегі кестемен жүргізілуін ұсынды. Кейс мүшелері бірауыздан қолдады. Жалпы рейдтік шара барысында келесі оқиғалар орын алған жоқ. Мектеп жанынан құрылған жобалы топ әлеуметтік педагогпен психологтың қатысатын отбасыларына арнайы барып оқушыларды қадағалады

2-мәселе Мектептің медбикесі С. Аштаева мектеп оқушылары арасында темекі мен алкагольді заттарды пайдаланбау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізіп отырады. Кәмелетке толмағандар арасында темекі шегудің алдын алу және бақылау шаралары ерекше тәсілді қажет етеді, өйткені жасөспірімдердің психологиялық, әлеуметтік және эмоционалды портреті ересек адамдардікінен ерекшеленеді. Мектептің психологы мен медбикесі бірге және класс жетекшілер бірлесіп жұмыс жасайды. Соның нәтижесінде мектеп оқушылары арасында ешқандай құқықбұзушылық орын алған жоқ. "Нашақорлықтың алдын алу" бағыты бойынша құрылған шаралар әзірнеде жұмыстар жүргізіліп отыр. Жоғары деңгейде жүйелі жұмыстар жүргізіліп отырады.

3-мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К. Тайшыбай мектептегі үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы туралы айтты. Жалпы мектепте ақылы және ақысыз үйірмелер жұмыс жасайды. Атап айтатын болсам "Балдәурен" хор үйірмесі, "Шебер қолдар" үйірмесі, "Шыбарбол" волейбол үйірмесі және ақысыз көптеген спорттық қосымша үйірмелер жұмыс жасайды. Сонымен қатар мектебімізде олимпиадалық спорт мектебі және музыка мектебінің жиналдары жұмыс жасайды. Еркін күрес және домбыра үйірмесі. Жалпы мектеп оқушыларының үйірмеге қатысым 78%-ды қамтиды. Үйірме жұмысының оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында рөлі зор. Оқушылардың танымы қабілетін ашу мақсатында жүйелі жұмыс жасалынып жатыр. Әрбір үйірменің жетекшілері тізімдерін жасақтап, жоспарлы түрде жұмыс жасап жатыр. Үйірме жұмысының нәтижелері тоқсан сайын қадағаланып, бақылауда отырады.

Шешімі.

1. Құқықбұзушылық алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен ретті іс-шаралар ұйымдастырылып, қадағалауға алынсын.
2. Темекі және алкоголь заттарының оқушылар арасындағы таралуына қарсы жұмыстар ескеріліп, алдағы уақыттарда жалғастырылсын.
3. Үйірме жұмыстарының ұйымдастырылуы ескерілсін.

Жиналыс төрайымы: [signature] Ә. М. Жуматаева
хатшы: [signature] А. К. Түйебай.

# Хаттама №3

## "Сағыз орта мектебі" КММ

28 қараша 2024 жыл.

Қатысқандар: 11
Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жасөспірімдер арасындағы ауытқушылық мінез-құлықтың шығу себептері мен факторларын алдын алу.
2. Оқушылар арасындағы бопсалауды анықтау мақсатындағы сауалнама қорытындысы.
3. АПБ-нің қызметкерлерімен кездесу жұмысы.

Тыңдалды.

1-мәселе бойынша мектеп психологының міндетін уақытша атқарушы Н. Өтеу жасөспірімдер арасындағы ауытқушылық мінез-құлықтың шығу себептері мен факторларын алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілгендігін баяндады. Жұмыс барысында мектеп оқушылары арасында мінез-құлықтың ауытқушылық факторлары анықталған жоқ.
8-9 сынып оқушылары арасында психологтың сауалнамалары нәтижесіне сүйенетін болсақ, оқушылардың мінездерінде өтпелі кезеңнің белгілері анықталды. Сынып жетекшілерімен тығыз байланыс жасалып, оқушылардың мінездеріндегі ауытқушылықты қалыпты жағдайға түсіру бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді.
2-мәселе бойынша оқушылардың арасындағы бопсалауды анықтау мақсатында қараша айында психологиялық әр түрлі сауалнамалар алынды. Сауалнама нәтижесінде оқушылар арасында бопсалау әрекеті байқалмады. Кейбір оқушылар буллинг мағынасын дұрыс түсінбей болдың ба деген сұраққа иә деп жауап берген сол оқушылардың жасырын анықтап, жеке жұмыстар жүргізілді. Мектептегі мінезі тұйық болып жүретін оқушылардың тізімі жасақталып басты қадағалауға алынып отыр.
3-мәселе бойынша ауданның полиция бөлімінің қызметкерлерімен және ауылдың учаскелік инспекторымен бірлескен жұмыстар туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбек Рахатгүл баяндады. Оқу жылы басталған кезде мектебімізге аудандық полиция бөлімінің бұйрығына сай құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ата-аналарға, оқушыларға түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Ауылдық учаскелік инспекторы Т. Ұзақбаев мектеп оқушыларына түрлі бағытта құқықбұзушылық бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Атап айтатын болсам алаяқтықтан сақтану, түнгі мезгілде мезгілсіз көшеде жүрмеу, мектепке алып келуге тыйым салынған заттарды алып келмеу туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

қараша айы бойынша мектеп мұғалімдері ауылдың
жасөспірімдер инспекторымен бірлесіп түнгі рейд "Түнгі қаладағы 17
жасөспірімдер" атты акцияға қатысып, оқушылардың түнгі
жүрістерін қадағалады.

Шешімі:

1. Мектеп оқушылары арасындағы ауытқушылық мінез-құлықтың шығу себептері мен факторларын алдын алу жұмыстары жандандырылсын.

2. Оқушылар арасындағы бопсалауды анықтау мақсатындағы сауалнама қорытындысы ескерілсін.

3 АПБ-нің қызметкерлерімен кездесу жұмысы жоспар бойынша жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы: [signature] Г.М. Жумағазина
хатшы [signature] А.К. Түйебай

Хаттама №5

"Сағыз орта мектебі" КММ

24-желтоқсан 2024 ж.

Қатысқандар: 11
қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. "Тәуекел тобындағы" оқушыларға, әлеуметтік

қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларға, тұрмысы нашар отбасылардан шыққан балаларға деректер банкісін қалыптастыру және түзету.

2. 5-11 сынып оқушыларының аудиодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижесін талдау.

3. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға рейдік іс-шаралар жүргізу.

1. Мектебімізде Тәуекел тобында 16 оқушы тіркелген. Тәуекел тобындағы оқушыларға жеке-жеке жоспар құрылып, жұмыстар жүргізіліп отыр. Жалғы тәуекел тобындағы оқушылардың өлшемдері анықталып тіркелді. Әлеуметтік өлшем бойынша тіркелген оқушылардың әлеуметтік жағдайлары қадағаланып, сабаққа қатысымдары тексеріліп отырады. Мектеп психологы Күлсина Берікқызы Тәуекел тобындағы оқушылардың мінез-құлықтарын үнемі бақылауда ұстауда. Әртүрлі алған сауалнамалар нәтижесі бойынша да жұмыстар жүргізіліп келеді. Мектептің әлеуметтік педагогы Б. Шүйіншәліқызы тәуекел тобындағы әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардың балаларының тұрмыстық жағдайын анықтап, қалыпты жағдай жасауға ықпал етіп отырды. Алдағы уақытта Тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыстар жалғанып, қадағаланып отырады.

2. Мектеп психологы Берікқызы Гүлсина бүлліне, агресси сияқты дағдыларды практикалық жұмыстану арқылы мағынасын үйрету, зорлық-зомбылықтың кез келген түріне төзбеушілік сияқты, адамдарға деген шыдамдылықты, қайырымдылықты, аяушылықты, адамгершілік қасиеттерді мақсатында тренинг өткізді. Нәтижесінде жақсы көрсеткіш көрсетті.

3. Әлеуметтік педагог Бибігүл Шүйіншәліқызы:
Қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға қазіргі уақытта рейдтік іс-шаралар үйлестіріліп комиссия құрамымен және сынып жетекшілерімен бірге ұйымдастырылды. Мақсаты: отбасылардың қазіргі уақыттағы жағдайымен бірге балалардың орналасу мүмкіндігін байқау.
Барлық отбасы үйіне барып таныстық, жағдайлары, балалардың көңіл-күйі қалыпты деп шештік. Алдағы уақытта жоспарға сай рейдтік шара өткізіліп отырады.

шешімі:

1. Тәуекел тобындағы оқушылардың тәртіб, әлеуметтік жағдайы қадағаланып, жұмыстар жүргізілсін.

2. Оқушылардың аутодиструктивті көңіл-күйін анықтау сауалнамасын жүргізіліп, нәтижесі талқыланып отырады.

3. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларда рейдтік шаралар жоспарға сай жүргізілеп отырады.

Жиналыс төрайымы: [signature] Т.М. Жумагазина
Хатшысы: [signature] А.К. Түйебай.

Хаттама №5

"Сағыз орта мектебі" КММ.

24 қаңтар 2025 ж.

қатысқандар: 11
қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша ата-аналармен, қамқоршылармен және жасөспірімдермен жүргізілетін профилактикалық әңгімелесу туралы есеп.

2. 10-11 сыныптардағы құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі туралы, ТТЖ тексеру және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға, сынып оқушыларына бару туралы ақпарат.

3. 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығындағы алдын алу Кеңесінің қызметіне талдау.

Тыңдалды:

Баяндамашы: Учаскелік полиция инспектор: Узақбаев Т.

Сонымен қатар бүгінгі таңда жан-жақты жасөспірім-

дердің арасында тұрмыстық зорлық - зомбылықтың және құқықбұзушылық фактілері, ата-анасын тыңдамай беймезгіл уақытта жүру оқиғалары көбейіп отыр, бұл дегеніміз қылмысқа барудың бірден бір жолы сондықтан сіздермен жоспарлы кездесуге келіп отырмын. Мәселен түнгі уақытта көшеде жүру келеңсіз жағдайларға ұшыраудың бірден-бір жолы. Сонымен қатар біреуге себепсіз тиісу, ұрлық, әсіресе ұялы телефондардың ұрлау, ата-анасыз көшеде беймезгіл уақытта жүру т.б жасөспірімдердің қылмысқа ұрынуына бірден-бір әсер ететін факторлар. Бұндай жағдайларда әкімшілік құқықбұзушылық және қылмыстық кодекс бойынша жазаланады.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К. Тайсенбай
Қазіргі таңда тұрмыстық зорлық зомбылықтың және ҚР-ның әкімшілік құқықбұзушылықтар бойынша және нашақорлық бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Сонымен қатар 10-11 сынып оқушыларының құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізіл отыр. Мысалы түнгі мезгілде оқушылардың қозғалысын бақылау мақсатында кезекшілік түнгі рейд ұйымдастырылып келеді. Оқушылардың отбасының жағдайларын анықтау барысында отбасының қолайсыздығы байқалмады. Алдағы уақытта жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіліп келеді.

Үшінші мәселе бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі 2024-2025 оқу жылының бірінші шартыжылдығындағы жұмыстарға тоқталатын болсам осы кезге дейін жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыстар жүргізілді. Жоспар бойынша бес кезекті бір кезектен тыс отырыс өткізілді. Кезектен тыс өткізілген отырыстағы күн тәртібіндегі мәселе мектеп оқушыларының яғни 10-11 сынып оқушыларының тәртіптеріне қарай мектепішілік есепке алу болып табылады. Қазіргі таңда ол оқушылармен бақылау жұмыстары жүргізіліп отыр, тәртіптері дұрысталына қадағалануда. Алдағы жарты жылдық бойынша да жұмыстар уақытылы жүргізіліп отыратын болады.

Шешім:
1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігі мәселелері бойынша жұмыстар жалғасын тауып, жұмыстар жүргізілсін

2. 10-11 сыныптардағы құқықбұзушылықтардың алдын алу жұмыстары жалғастырылсын.

3. 2024-2025 оқу жылы бойынша жүргізілген құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмысы ескеріліп, қалтасын тапсыр.

Жиналыс төрайымы: [signature] Г.М. Жуматазина

Хатшы: [signature] А.К. Түйебай

туралы, ТТЖ тексеру және отбасылық қолайсыздықты анықтау мақсатында отбасыларға бару туралы.

9-сынып жетекшісі: Ж. Дәулетбаева

3. Балалармен профилактикалық жұмыстың бір түрі ретінде мектептегі татуласу қызметінің жағдайы туралы.

Әлеуметтік педагог: Б. Дарбаева

Тыңдалды:

Мектеп психологы Талғанай Сұлтанғалиқызы мектеп оқушыларына буллинг және кибербуллинг туралы жасаған жұмыстарын айтып өтті. Айтатын болсам жалпы буллинг дегеніміз - әлеуметтік желі арқылы танысу арқылы қорқыту, зорлық көрсету, психологиялық шабуыл жасау, түрлі суреттер сұрау арқылы ақша талап ету, әсіресе кәмелеттік жасқа толмаған оқушыларға қауіпті екендігін түсіндірдім. Осы мәселе бойынша оқушылардан түрлі форматта сауалнамалар алдым. Әзірге буллинг белгісі анықталған жоқ. Кибербуллинг туралы қысқаша айтатын болсам, ол да буллингтің бір түрі оқушылардың арасында кибербуллингтің құрбаны болатын оқушылар кездесіп қалуы мүмкін. Себебі ұялшақ, сезімтал, тұйық, ашуланшақ, мазасыз, өзіне сенімді емес, бақытсыз, депрессияға бейім тұратын адамдар ұшырайды. Осы бойынша оқушылармен көп жұмыс жасауға тура келеді. Осы мәселелермен жұмыс жасау барысында ата-аналар тарапынан сонда біз балаларымызды барлық заттан шектеуіміз керек пе? деген сұрақтар болды. Жауап ретінде жасалған жұмыстардың нәтижесі бойынша дәлелденіп отырды.

Екінші мәселе бойынша Жұлдыз Дүйсенқызы 9-сынып оқушыларымен жасалынған жұмыстарымен таныстырды. 9-сыныпта 23 оқушы бар. Тәрбие жоспарына сәйкес апта сайын тәрбие сағаты өткізіліп отыр. Оның ішінде "Буллингтен қорған", "Заң және тәртіп" тақырыптарына басымырақ тәрбие сағаттары өткізіліп отыр. Әлеуметтік жағдайына бойынша мектептің мобильдік топ құрамымен бір оқушымның үйіне бардым, тексеру барысында тұрмыстық қолайсыздық анықталған жоқ. Класымның барлық оқушыларының тұрмыстық жай-күйін анықтап отырамын. Жыл бойына жұмыстар жоспар бойынша жүргізіліп отырады.

Хаттама №8.

"Сағыз орта мектебі" КММ

21 қазан 2025 ж.

қатысқандар саны - 11
қатыспай қалғаны - жоқ.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша атқарылып жатырған жұмыстар туралы.

Мектеп психологы: Т. Аралбай

2. 9-сыныптағы құқықбұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстың жай-күйі

Үшінші мәселе бойынша Б. Дарбаева әлеуметтік педагог, медиация жетекшісі. Мектепте медиация жұмысы бойынша айтатын болсам, мектеп оқушылары арасында үлкен даулар, келіспеушіліктер орын алған жоқ. Барлық оқушыларды қадағалап отырамын. Жалпы мектеп оқушылары тату, әрекетімен қадағалау басты міндетіміз. Алдағы уақытта да жұмыстар жүргізіліп отырады.

Шешімі:

1. Буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша жұмыстар жандандырылсын.

2. 9-сыныптағы құқықбузушылықтың алдын алу жұмысы ескеріліп, жұмыстар жүргізілсін.

3. Мектептегі татуласу қызметінің жұмысы ескерілсін.

Жиналыс төрағасы: Г. М. Жумагазина
хатшы: А. К. Түлебай.

Хаттама №9

"Сақыз орта мектебі" КММ

18 наурыз 2025 ж.

қатысқандар саны: 11.
қалыс қалғаны: жоқ.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Кәмелетке толмағандар арасында суицидтік жағдайдың, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқықбузушылықтың алдын алу

ДТІЖО К. Тайшибай

2. "Қызғалдақ" қыздар үйірмесінің жұмысына талдау

"Қызғалдақ" қыздар үйірмесінің жетекшісі Г. Есеркепова.

3. Мектеп арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша "Адал ұрпақ" мектеп клубының қызметі туралы

"Адал ұрпақ" клубының жетекшісі А. Ремедулина.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие орын. басары К. Рахатұлы. Жалпы жоспар бойынша мадақ жұмыстар жүргізіліп отыр. Мектептегі түсіндірме жұмыс мен және әрбір жетекшілер өткізіп отыр тарын, ақпараттық сағаттар кездескен отыр. Аудандық учаскелік инспектормен мәселелердің ыстарда күн тәртібінде қайталатын жүргізіліп бірі. Осы мәселе бойынша жұмыстар жүргізіліп отырады.

Екінші мәселе бойынша Гүлфарида Андабергенқызы "Қызғалдақ" қыздар үйірмесінің жұмысы туралы айтып шықты. Қыздар үйірмесінің жұмысы жоспар бойынша жүргізілуде. Жалпы қыздардың тәрбиесіне байланысты жиналыстар, дөңгелек үстелдер өткізілуде. Мектептің қыз балалары арасында келеңсіз оқиғалар орын алған жоқ. Сабақ уақытында мектептегі қыз балалардың жүріс-тұрысы, тәртібі қадағаланып отырады.

Үшінші мәселе бойынша "Адал ұрпақ" еріктілер клубының жетекшісі Айнур Релудуллина мектептегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жасалынған жұмыстармен таныстырды. Жалпы алғанда қазіргі таңда алаяқтардың заманы болып тұр, сонда түсіндіріп кетті. Жемқорлық бойынша өткізілген жұмыстарды айтатын болсам оқушыларға танымдық сабақ өткіздім және тәрбие сағаттарын өткіздім. Оқушыларды адалдыққа тәрбиелеу мақсатында Адалдық дүкенін ашып, кассасын қасына қойып қойдым. Оқушылар керек затын алып, ақшасын кассаға сүдері керек затын алып ақшасын салып кетіп отырады.
Сонымен қатар Ұсының оқушыларымен көңілді спорттық шара ұйымдастырдым. Есірткіге жол жоқ тақырыбында флешмоб ұйымдастырдым. Алдағы уақытта "Адал ұрпақ" клубының жұмыс жоспары түрде жүзеге асып отырады.

Шешімі.

1. Кәмелетке толмағандар арасында суицидтік жағдайдың, жыныстық тиіспеушілікке қарсы алдын алу жұмыстары жүргізіле отырсын.
2. "Қызғалдақ" қыздар үйірмесінің жұмысы ескерілсін.
3. "Адал ұрпақ" клубының жұмысы жандандырылсын

Жиналыс төрайымы: [signature] Т.М. Жумагазина
хатшы [signature] А.К. Түгебай

**Анықтама**

**04/09/2024ж**

Сағыз орта мектебінде «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында 8-11 сынып оқушыларының ата-аналарына жиналыс өткізілді.Жиналысқа аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Азов,М.Ахмет, ауылдық учаскелік инспекторы Т.М.Үзақбаев қатысты.









Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Қ.Р.Тайшыбай

**Анықтама**

26.09.2024ж. ата-аналармен жиналыс «Бала қауіпсіздігі - қоғам келешегі» тақырыбында өткізілді.

Жиналысты мектеп директоры Г.Жумагазина ашып, балалардың интернеттегі және шынайы өмірдегі қауіпсіздігі маңызды мәселе екенін атап өтті. Балаларға әлеуметтік желілердегі қауіп-қатерлер мен ата-аналардың бақылау жасау қажеттілігі жайлы айтты.

Ауылдық учаскелік инспекторы Базаров Б.І - **Интернеттегі қауіптер:** Балаларға төнетін онлайн қауіптер туралы әңгіме қозғалды, әсіресе әлеуметтік желілер мен қауіпті онлайн ойындар туралы.

- Буллинг және кибербуллинг: Балалардың шынайы өмірде және интернеттегі буллингке ұшырауы жайлы мысалдар келтірілді.
- Ата-ана бақылауы Интернет пен әлеуметтік желілерді пайдалануға ата-ана бақылауын орнату бойынша ұсыныстар берілді.
- Эмоционалды жағдайды бақылау: Ата-аналардың балаларымен тұрақты әңгімелесіп, олардың көңіл-күйі мен мінез-құлқын бақылаудың маңызы айтылды.

Жиналыстың қорытындысы бойынша
Ата-аналарға баланың интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолдары бойынша нақты кеңестер берілді. Жиналыс барысында педагогтар ата-аналарға қолдау көрсетудің маңыздылығын баса айтты және өзара сенімді қарым-қатынас құруға шақырды.

Ұсыныстар:

- Балалардың гаджеттерін бақылау үшін арнайы бағдарламалар орнату.
- Баланың интернеттегі белсенділігін қадағалап, олардың ойындары мен әлеуметтік желілерін тексеру.

Қорытынды сөз:
Мектеп әкімшілігі ата-аналарға балалардың қауіпсіздігіне үлес қосқандары үшін алғыс білдіріп, бірге жұмыс істеуге шақырды.









Орындаған: Тайшыбай .Қ.Р

# АНЫҚТАМА

2024 жылдын 25-карашасында «Біртұтас тәрбие » бағдарламасын жүзеге асыру негізінде

"Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет» тақырыбында 11- сыныпта тәрбие сағаты өткізілді.

**Мақсаты:**Оқушыларға құқықбұзушылық ұғымы мен салдары туралы түсінік беру.

Әр іске жауапкершілікпен қарауға дағдыландыру.







Сынып жетекшісі:Кульметова Б.Т

**АНЫҚТАМА**

2024 жылдың 25-қарашасында «Біртұтас тәрбие » бағдарламасын жүзеге асыру негізінде "Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет» тақырыбында 9- сыныпта тәрбие сағаты өткізілді.

**Мақсаты:** Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру.Оқушыларды заңға бағынушылыққа тәрбиелеу.







Сынып жетекшісі:Дәулетбаева Ж.Д

# АНЫҚТАМА

Сағыз орта мектебінде "Зорлық-зомбылықсыз 16 күн" және "Заң және тәртіп" акциясы аясында "Түнгі қаладағы жасөспірімдер" тақырыбында түнгі рейд жұмыстары ұйымдастырылды.

Түнгі рейдке ауылдық учаскелік инспекторы Т.Ұзақбаев және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Тайшыбай, 9-10-11-класс жетекшілері шықты.

Түнгі мезгілде оқушылардың қозғалысы қадағаланды.









ДТІЖО: Қ.Р.Тайшыбай

# АНЫҚТАМА

25-қараша күні "Зорлық-зомбылықсыз 16 күн" Республикалық акция аясында "Ізгілік пен сыйластық жолында" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты:Үлкен мен кіші арасында сыйластық түсіндіру, адамгершілік қасиеттеріне баулу.










Класс жетекшісі:Өскінбай Ж.С

## АНЫҚТАМА

27-қараша күні "Зорлық-зомбылықсыз 16 күн" Республикалық акция аясында "Ата-ана мен білім беру ұйымы бір мүдде" тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Мақсаты: Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу. Балалардың бойына адамгершілік, әдептілік, мәдениеттілік құндылықтарын қалыптастыру










Класс жетекшісі Оскінбай Ж.С

# АНЫҚТАМА

29-қаңтар күні «Есірткіге жол жоқ!» челленджінің жоспары бойынша 4- сынып оқушылары арасында спорттық эстафеталық ойын өткізілді.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Білім алушылардың икемділігі мен ептіліктерін, мергендік пен шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.
Спорттық жарысқа 3 топтан құралған команда қатысты, әр командада 9 білім алушыдан құралады:
1 топ – «Жүйрік» командасы
2 топ – «Тұлпар» командасы
3 топ – «Қыран» командасы

Сайыс жоғары дәрежеде өте қызықты өтті. Барлық командаларға әділқазылар грамоталармен марапаттады.

Жарыс соңында командалар «Есірткіге жол жоқ» атты плакаттар ұстап, флешмоб биледі.












Өткізген: Ремедуллина А.Б

**АНЫҚТАМА**

30-қаңтар күні «Есірткіге жол жоқ!» челленджінің жоспары бойынша «Нашақорлыкка жол жоқ» тақырыбында мектеп медбике Ақтаева Сая мен мектеп **психологі** Ебжасарова Гүлсина 7- сынып оқушыларына "**Нашақорлыққа жол жоқ**" тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізілді.

Мақсаты: өскелең ұрпаққа есірткінің зияны туралы толыққанды ақпарат беру, салауатты өмір салтын ұстанудың пайдасы жөнінде жан-жақты білім алуға қажетті жағдай туғызу.







Мектеп медбикесі:Ақтаева С.Е

# АНЫҚТАМА

2025 жыл Қаңтар айы бойынша оқушылар арасында құқықбұзушылық және түнгі жүрістің алдын алу мақсатында Сағыз орта мектебінің ұстаздары түнгі рейдке шықты. Рейд барысында ауыл көшелері, темір жол бойы, балалар жиналуы мүмкін аймақтар қатаң бақыланды.

Басты мақсат оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу,топтық жиындарды болдырмау, түнгі уақыттарда ата-анасынсыз үй-жайларынан тыс жерге бармауын қадағалау.

Рейд уақытында оқушылардың көшеде жүруі, тәртіп бұзуы орын алмады.













ДТІЖО: Тайшыбай Қ.Р

# Анықтама

Сағыз орта мектебінде 4-наурыз күні 8-11 сынып оқушыларымен ауылдық учаскелік инспекторы.полиция капитаны Б.Н.Айғазин кездесу өткізді.Кездесу барысында қазір адамзат ұрпағына төніп тұрған нашақорлық кеселдің алдын алу,қоғамға адамдарға осы дерттің зардаптары туралы түсіндіру,жасөспірімдердің зайырлылық қағидаттарын нығайту,қылмыстың алдын алу мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.









Орындаған: ДТІЖО:Қ.Р.Тайшыбай

# Анықтама

22-сәуір күні Ащы ауылдық округнің учаскелік инспекторы Б.Н.Айғазин кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтар мен жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында 8-11 сынып оқушылары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.Сонымен қатар «Ашық терезе»бойыншада оқушыларға қатарлы үйлерде терезенің қаншалықты қауіпті екені туралы түсіндіріп кетті.Жазғы мезгілде суға шомылу қаншалықты қауіпті екенін түсіндіріп,сақтық шараларын сақтауды ескертті.







Орындаған: ДТІЖО:Қ.Р.Тайшыбай